



2023 - 2024

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНА ҚАРАСТЫ
С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ №5 КӨПСАЛАЛЫ
МЕКТЕП- ЛИЦЕЙІНІҢ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ
ЖАҒДАЙЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТТЫҚ -ТАЛДАМАЛЫ
БАЯНДАМАСЫ



(8716-45) 6-10-26;
(8716-45) 6-49-63



stepmshl5@mail.ru

2023-2024 оқу жылындағы білім беру мекемесі қызметінің жағдайы мен нәтижелері туралы ақпараттық-талдамалы баяндамасы – "Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылығымен жиналған деректерге негізделген баяндама. Бұл баяндама есепті жылдың алдындағы жылдардағы оқу-білімділік, ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік, әлеуметтік, психологиялық т.б. қызмет нәтижелері бойынша дайындалды. Бұл баяндаманың басты міндеті белгілі мекемелермен салыстыру арқылы білім ұйымдарының жағдайын бағалау болып табылады. Есеп мектептің сайтында орналастырылған және ата-аналар мен жұртшылық үшін қол жетімді.

Баяндама авторлары:

- Искакова Орынбасар Сеитовна – мектеп басшысы
- Джалғасов Габит Мусабекович – басшының оқу ісі б/ша орынбасары
- Идрисова Анаргүль Сериковна – бастауыш сынып б/ша орынбасары
- Аманжолова Данара Маратовна
- Ембергенова Марина Кожакүловна – тәрбие жұмысы бойынша орынбасары
- Наурызбаева Бекзат Қалабаевна – бейінді сынып б/ша орынбасары
- Абилдина Алтын Мараловна – басшының ҒӘІЖ орынбасары
- Балташев Каирбек Шалдықович – басшының ӘІШ орынбасары
- Мухамбетжанова Динара Шырақжановна – педагог-психолог
- Бекболатова Гүльсара Сайдуллаевна – әлеуметтік педагог
- Мусирова Орынбасар Темиркеновна – кітапханашы
- Тайжанова Гүлназ Тоқтарқызы - педагог-логопед
- Туреханов Адилхан Бахытжанович – аға тәлімгер

**Степногорск қаласына қарасты С.Сейфуллин атындағы
№5 көпсалалы мектеп- лицейінің
2023-2024 оқу жылындағы қызметінің жағдайы мен
нәтижелері туралы ақпараттық –талдамалы
БАЯНДАМАСЫ**

Байланыс телефондары: (8716-45) 6-10-26; (8716-45) 6-49-63
Ұйымының электрондық адресі: stepmshel5@mail.ru

2023-2024 оқу жылындағы білім беру мекемесі қызметінің жағдайы мен нәтижелері туралы ақпараттық-талдамалы баяндамасы – "Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының С.Сейфуллин атындағы № 5 көпсалалы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшылығымен жиналған деректерге негізделген баяндама. Бұл баяндама есепті жылдың алдындағы жылдардағы оқу-білімділік, ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік, әлеуметтік, психологиялық т.б. қызмет нәтижелері бойынша дайындалды. Бұл баяндаманың басты міндеті белгілі мекемелермен салыстыру арқылы білім ұйымдарының жағдайын бағалау болып табылады. Есеп мектептің сайтында орналастырылған және ата-аналар мен жұртшылық үшін қол жетімді.

Баяндама авторлары:

Искакова Орынбасар Сеитовна – мектеп басшысы

Джалгасов Габит Мусабекович – басшының оқу ісі б/ша орынбасары

Идрисова Анаргүль Сериковна – бастауыш сынып б/ша орынбасары

Аманжолова Данара Маратовна

Ембергенова Марина Қожакуловна – тәрбие жұмысы б/ша орынбасарлары

Наурызбаева Бекзат Калабаевна – бейінді сынып. б/ша орынбасарлары

Абилдина Алтын Мараловна – басшының ҒӘЖ орынбасары

Балташев Каирбек Шалдыкович – басшының ӘШ орынбасары

Мухамбетжанова Динара Шырақжановна – педагог-психолог

Бекболатова Гүльсара Сайдуллаевна – әлеуметтік педагог

Мусирова Орынбасар Темиркеновна – кітапханашы

Тайжанова Гүлназ Тоқтарқызы - педагог-логопед

Туреханов Адилхан Бахытжанович – аға тәлімгер

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе	4
II. Мектептің жалпы сипаттамасы	5
III. Оқу-тәрбие үрдісін сапалы ұйымдастыру..... мен басқарудың тиімділігі	7
IV. Материалдық-техникалық ресурстар	16
V. Кадрлық ресурстар	23
VI. Білім беру қызметінің нәтижелері	46
VII.Бейіндік оқыту	56
VIII. Тәрбие жұмысы және өзін-өзі басқару жүйесі	98
IX. Әлеуметтік-психологиялық жұмыс	131
X.Мектептегі психологиялық қызмет	142
XI. Логопед қызметінің талдауы	199
XII. Кітапхана қызметі.....	202
XIII.Талдау нәтижелерінен шығатын қорытынды	206

I. Кіріспе

Бүгінгі күнде Республикасызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі– жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі орта және жалпы орта білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Бұл баяндаманың мақсаты мектебіміздегі оқу-тәрбие жұмысының жағдайын сипаттай отырып, жас ұрпаққа білім беруге арналған мемлекеттік және қоғамдық тапсырыстың орындалу барысында жеткен жетістіктер мен қиындықтар туралы, мектептің кадрлық, инновациялық, материалдық-техникалық жағдайы, мектепте қолданылатын білім беру бағдарламаларының және қосымша білім беру қызметінің ерекшеліктері туралы мағлұмат беру болып табылады.

II. Мектептің жалпы сипаттамасы

Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметін жасауға құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар ұйым және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, басқа да нормативтік актілері мен мектеп Жарғысына (13.04.2018ж. Степногорск ҚББ-нің №78 бұйрығымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырады. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы – Степногорск қаласының әкімдігі тұлғасында мемлекет, Степногорск қаласының Әділет басқармасымен 2018 жылғы 03 мамырда берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. Жалпы орта білім беру саласында білім беру қызметін жүргізу құқығына 2008 жылы 22 тамызда №0062694 сериясы АБ Степногорск қаласының әкімдігімен (22.05.2018ж ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ақмола облысының білім саласындағы бақылау департаменті) мемлекеттік лицензия берілген. Мемлекеттік мекемені мемлекеттік басқару органы болып, сонымен қатар оған қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі қызметін атқаратын орган болып Степногорск қалалық білім бөлімі табылады.

Мекеменің орналасқан жері: 021501, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 ықшамаудан, №46 ғимарат. Мекеме 1973 жылы салынған, жобалық қуаты 640 оқушыға арналған 3 қабатты типтік ғимаратта орналасқан, онда 30 сынып-комплект және 2 мектепалды даярлық тобы бар, барлығы 676 оқушы және мектепалды даярлық топтарында 46 бала оқиды. Оқыту тілі: мемлекеттік тіл. Мектеп сумен, кәріз жолдарымен, электр желісімен және жылумен орталықтан басқарылатын жүйемен қамтылған. Спортзалдың аумағы – 2023,8 м, зал саны – 1.

Мектеп-лицей бойынша қысқаша хронологиялық ақпарат:

1995 жылы – қазақ мектебінің ашылуы;

2008 жылы – мектеп-лицей статусы берілді;

2004 жылы – ерте жастан шет тілін оқыту эксперимент алаңы болды;

2004 жылы – ҰБТ қорытындысы бойынша «100 ең үздік мектеп» қатарына енді;

2012 - 2014 ж.ж. – Ақмола облысы бойынша оқу үрдісін технологияландыру облыстық эксперимент алаңы;

2013 жылы – алғашқы кадет сыныбы ашылды;

2015 жылы – оқу үрдісін технологиялау облыстық экспериментінің қорытындысының республика бойынша таратылуы;

2015-2019 ж.ж. – Қазақстан Республикасы бойынша білім мазмұнын ішінара жаңарту экспериментінің алаңы.

2018 жыл – IT- кабинеті ашылды.

2018 жылдан бастап – физика, информатика пәндері ағылшын тілінде оқытыла бастады.

2021 жыл – мектеп мұражайының ашылуы;

Мектеп қызметінің мақсаттары:

- оқушылардың мемлекеттік мекеменің жүзеге асыратын жалпыбілім бағдармаларын меңгеруі;
- әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге икемді жеке шығармашыл тұлғаның дамуына жағдай жасау;
- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің үзіліссіздігін қамтамсыз ету.

Мектептің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының пәндерді тереңдетіп оқытатын жалпы білім беру мекемелеріне арналған Мемлекеттік стандартпен белгіленген жалпы орта білімді қамтамасыз ету;
- ғылымның қарқынды дамуына сәйкес тұлғаның дүниежүзілік және ұлттық мәдениет жүйесіне тез икемделуіне жол беретін деңгейде білімді қамтамасыз ету;
- білімнің мазмұнын ізгілендіру құралдарымен тұлғаны жалпы, интеллектуалдық, адамгершілік дамытудың идеяларын жүзеге асыру;
- қосымша пәндер мен курстарды оқыту;
- ой-өрісі жан-жақты дамыған, зерттеушілік еңбекке икемді, мәдениеттілігі жоғары, кәсіптік білім бағдарламаларын саналы таңдауға және меңгеруге дайын тұлғаны қалыптастыру;
- түлектерді кәсіпті саналы таңдауға, ЖОО-да шығармашылықпен оқуға дайындау;
- тұлғаның толық дамуы үшін оқушының жанұясымен тығыз қарым-қатынас жасау.

Мектеп қызметі:

- оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту;
- оқушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту;
- ата-аналарға педагогикалық, жалпы және жас ерекшеліктеріне қарай психологиялық сауалдар бойынша кеңес беру;
- жаңа білім бағдарламаларын апробациядан өткізу;
- жастардың бос уақытын ұйымдастыру, ғылыми-практикалық;

III. Оқу-тәрбие үрдісін сапалы ұйымдастыру мен басқарудың тиімділігі

Мектепті басқарудың тиімділігі жалпы мектепшілік қызметті ұйымдастырудың біртұтастығына байланысты. Жалпы басқаруды демократиялық, ашықтық, жариялылық қағидаты және өзін-өзі басқару негізінде қалалық білім бөлімі жүзеге асырады. Мектеп ұжымы өз міндеттерін ата-аналармен өзара байланыс арқылы шешеді. Мемлекеттік мекеменің жалпы басшылығы мектеп Кеңесі, ата-аналар қауымының және қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен мектеп жұмысын жақсартуға қызығушы тұлғалар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің әдістемелік басшылық қызметін педагогикалық Кеңес іске асырады. Педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары мен білім алушылар оқу үрдісіне қатысушылар болып есептеледі. Оқушылардың міндеттері мен құқықтары оқушыларға арналған Жарғы мен тәртіп ережелері негізінде реттеледі.

Мектепті дамытудың басымдылық идеялары:

- ✓ инновациялық технологияларды қолдана отырып, өмір бойы білім алу идеясын насихаттау;
- ✓ білім беру компоненттерін іс жүзінде жаңарту идеясын қалыптастыру;
- ✓ кіріктірілген пән аралық байланыс идеясын қалыптастыру;
- ✓ мектепте ашық ақпараттық идеялар кеңістігін қалыптастыру;
- ✓ білім беру үрдісіне қатысушы барлық субъектілердің жеке тұлғалық өсуіне қолайлы жағдай туғызу;
- ✓ мектепті салауатты өмір салты қалыптасқан, денсаулық мекеніне айналдыру;
- ✓ қоршаған ортаны қорғап, жасыл мейірімді экологиялық ортаға айналдыру.

Мектептің алға жылжуы мен дамуының басты көрсеткіші – адамгершілік құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттап, бәсекеге қабілетті тұлғаны білім бере отырып тәрбиелеу.


Жан-жақты білім беру бағдарламасы нәтижеге бағытталғандығы мектебіміздің оқушыларының қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстардағы, оқушылардың пәндік интернет олимпиадаларындағы және мұғалімдердің кәсіптік-біліктік сайыстарға қатысып, жоғары жетістіктерге жетуінен көрінеді.

Ұлы Абай атамыздың «Адамның күші оның ақыл-ойымен, білімімен өлшенеді», демекші сабақтағы басты міндет әрбір оқушыны мемлекеттік стандарт деңгейінде біліммен қамтамасыз етіп, мейірімді, тәрбиелі, қамқор,

отбасы мүшесі болып қалыптасуына, жеке шығармашылық ізденісі бар жауапты азамат болып қалыптасуына бағытталған.

Соңғы 3 жылдағы мекен-жайының ауысуына байланысты Оқушылар қозғалысының көрсеткіші

Оқу жылы	Келген оқушылар саны	Кеткен оқушылар саны
2021-2022	20	28
2022-2023	20	32
2023-2024	15	8



Үйден оқитын оқушылар саны

Оқу жылы	Жылдың басында	Жылдың соңында
2021-2022	3	4
2022-2023	2	1
2023-2024	1	2


Үйден оқитын оқушылар саны



Сыныптардағы оқушылардың орташа саны

Оқу жылы	1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
2021-2022	23,9	22,2	19,7
2022-2023	20,7	20	20,2
2023-2024	20,9	18,5	18,7

Сыныптардағы оқушылардың орташа саны



Мектебіміз екі кезекте жұмыс істейді. I кезекте оқитын оқушылардың үлесі 2021-2022 жылында - 60 %, 2022-2023 жылында - 61%, 2023-2024 жылында – 56,71%, ал II кезекте оқитын оқушылардың үлесі 2021-2022 оқу жылында 40%, 2022-2023 жылында 39%, 2023-2024 оқу жылында 43,8%-ды құрайды.

«Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Осы ретте жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – осы күннің негізгі міндеті. Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек,» – деді ел президенті.

Орта білім беруді дамыту стратегиясын айқындау қажет. Бүгінде әлемде 12 жылдық білім беруге арналған жалпы орта білім берудің белгілі бір стандарты қалыптасты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «*Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек*» деген сөзі бар. Осыған орай, барлық мақсат-міндеттер Үкімет әзірлеп жатқан «Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» толық қамтылуы тиіс.

XXI ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы ғана емес, өзгерістер кезеңі болып тұр. Соған сай балаларды қалыптастыру жолында білім беру саласының ұдайы өзгеріп отыруы – заңдылық.

№5 мектеп-лицейінің білім жүйесінің салыстырмалы көрсеткіші

	2021-2022 о.ж	2022-2023 о.ж	2023-2024 о.ж
Жалпы оқушылар саны	677	640	579
Үздіктер саны	124	117	102
Жылдар аралығындағы білім сапасы	72%	71%	69,92
Жылдар аралығындағы оқу үлгерімі	100%	100%	100%
ББЖМ орташа ұпайы 4 сынып	65%	-	-
ББЖМ орташа ұпайы 9 сынып	60%	-	-
ҰБТ–дің орташа ұпайы	75%	78% (март)	

Кестедегі талдауларға назар салсақ, мектепбіздің педагогикалық ұжымы білім берудің сапасын көтеру мақсатында нәтижелі еңбек етіп келеді. Оқытылу деңгейінің тұрақты өсуін үнемі назарда ұстайды.

Мектебімізде тоқсан сайын әкімшілік тексеру жұмыстары алынып тұрады

Әкімшілік тексеру жұмысы

Пән	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қазақ тілі	72%	73%	75%
Математика	66%	67%	66%
Орыс тілі	70%	70,5%	71%
Химия	53%	55%	56%
Биология	55%	56%	55%
Физика	70%	70,8%	71%
География	73%	74%	76%
Ағылшын тілі	70%	70,6%	71%

Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы

11 сынып

Алтын белгі			Үздік аттестат		
Оқу жылы			Оқу жылы		
2021-2022	2022-2023	2023-2024	2021-2022	2022-2023	2023-2024
3	2	1	6	13	6





9 сынып

Үздік аттестат		
Оқу жылы		
2021-2022	2022-2023	2023-2024
9	4	5



Білім беру қызметінің нәтижелері

Мектептің құрылымы: мектепалды даярлық сыныптары – 2 топ, бастауыш сыныптар – 10 сынып, 5-9 сыныптар – 13 сынып, 10-11 сыныптар – 4 сынып.

2023-2024 оқу жылында мектеп ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 14, 19, 27-қосымшалары негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен, үйде оқыту 53,55-қосымшасы негізінде жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" бағдарламалық мақаласында көрсетілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында 10 сыныптарында элективті курс есебінен аптасына 1 сағат «Абайтану» таңдау курсы енгізілген (ҚР БжәнеҒМ бекітілген 03.04.2013 жылындағы №115 бұйрығы).

2022 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңес шешімімен мектептің барлық сыныптары лицей сыныптары болып есептелінеді. Мектеп Сондықтан сыныптарда саралап оқыту және оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бейіндік пәндер бойынша тереңдетіліп оқыту үшін барлық сыныптарда математика, жаратылыстану, физика, информатика, химия, биология, география пәндерінен вариативтік сағат есебінен лицей сағаттары қосылды. Сыныптарда білім алушылардың саны 24 оқушыдан асқан сыныптарға 4А сыныбында 2-сағат ағылшын тілі, 1сағат цифрлық сауаттылық, 4Ә сыныбында 2-сағат ағылшын тілі, 1-сағат цифрлық сауаттылық қосымша сағат бірелді. Ортаңғы буында 6АӘ сыныптарында 2-сағат ағылшын тілі, 1 сағат информатика, 2 сағат көркем еңбек, 7Ә сыныбына 2-сағат ағылшын тілі, 1 сағат информатика, 2 сағат көркем еңбек, 9А сыныбына 2-сағат ағылшын тілі, 1 сағат информатика, 2 сағат көркем еңбек сабақтарына қосымша сағат бөлінді. Жоғары бйында 11Ә сыныбында 2-сағат информатика пәніне қосымша сағат топқа бөлу үшін берілді. Элективті курс есебінен 10-11 сыныптарда дүниежүзі тарихы сабағына қосымша сағат көзделген.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Робототехника және модельдеу» 0,25 ставкадан үйірме жұмысы енгізілген. Ол үшін мектепте екі ІТ сынып бар, материалдық техникалық базасы сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Оқу жылы	Білім сапасы	Оқу үлгерімі
2021-2022 о.ж	72%	100%
2022-2023 о.ж.	71%	100%
2023-2024 о.ж	69,71%	100%

Жыл сайын мектепті бітірген түлектердің 90% ы жоғары оқу орындарына түсуде. Мектеп түлектері жыл сайын білім гранттарын нәтижелі иеленіп келеді.

11-сынып түлектерінің орналасуының салыстырмалы кестесі

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	Грант иегерлері	ЖОО	Колледж
2020-2021	47	18	26	3
2021-2022	35	21	28	7
2022-2023	43			

9-сынып түлектерінің орналасуының салыстырмалы кестесі

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	10 сыныпта қалған оқушылар саны	Колледжге түскендер саны
2021-2022	69	40	29
2022-2023	74	50	
2023-2024	56	35	

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз - әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу - аса жауапты әрі күрделі міндет. Сондықтан мектеп ұжымы оқушылардың білім сапасы көтеру үшін және дарынды оқушыларды дамыту жолында қыруар жұмыстар атқарып келеді. Біздің мектебіздің оқушылары қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарға қатысып, мектеп намысын абыройлы қорғау үстінде.

9-сынып түлектерінің орналасуының салыстырмалы кестесі

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	10 сыныпта қалған оқушылар саны	Колледжге түскендер саны
2019-2020	71	36	35
2020-2021	66	44	21 1 оқушы шетелге оқуға түсті
2021-2022	69	40	29

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз - әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу - аса жауапты әрі күрделі міндет. Сондықтан мектеп ұжымы оқушылардың білім сапасы көтеру үшін және дарынды оқушыларды дамыту жолында қыруар жұмыстар атқарып келеді. Біздің мектебіздің оқушылары қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарға қатысып, мектеп намысын абыройлы қорғау үстінде.

IV. Материалдық-техникалық ресурстар

Қазіргі оқу үдерісін материалдық-техникалық базасыз елестету мүмкін емес. Мектеп аумағының ауданы 1425м², ағаш және бұталармен көгалдандырылған. Мектеп айналасына ауданы 41,17м² гүлзарлар орналастырылған. Мектептің жалпы ауданы 4809м². Типтік жоба 473 оқушыға арналған, 1 оқушыға 3,1м² аумақ тиісті. Кабинеттердің орналасуы:

I қабат		II қабат		III қабат	
№10	кіші спорт залы	№20	физика кабинеті	№30	орыс тілі мен әдебиеті кабинеті
№11	шеберхана (слесарлық және ұсталық)	№21	биология кабинеті	№31	информатика кабинеті
№12	қабылдау бөлмесі, директордың кабинеті	№22	медициналық кабинет	№32	математика кабинеті
№13	домбыра үйірмесі	№23	еңбек кабинеті (қыз балаларға арналған)	№33	IT кабинеті
№14	бухгалтерлер кабинеті	№24	кітапхана	№34	тарих кабинеті
№15	бастауыш сынып	№25	Ағылшын тілі	№35	қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті
№16	бастауыш сынып	№26	бастауыш сынып	№36	АӘД кабинеті
№17	бастауыш сынып	№27	бастауыш сынып	№37	география кабинеті
№18	бастауыш сынып	№28	химия кабинеті	№38	математика кабинеті
	мұғалімдер гардеробы	№29	робототехника		
	оқушылар гардеробы		басшының орынбасарлары		
	асхана		мұғалімдер бөлмесі		
	спорт залы		акт залы		

Мектепте 8 интерактивті тақта, touchbook құрылғы бар, олар физика, биология, химия, математика және бастауыш сыныптардың кабинеттерінде орналастырылған.

2019 жылы ІТ сынып үшін робототехника жабдықтары сатып алынды және проектор, компьютерді жиынтықта пайдалануға сатып алынды, бейнебақылау жүйесін орнату бойынша жұмыс жүргізілді.

2020 жылы жаңа модификацияланған химия кабинеті және робототехниканың жалпы білім беретін жиынтық сатып алынды. Бейнебақылау жүйесін монтаждау және іске қосу-баптау және толық жинақтау, дабыл түймесін монтаждау, турникеттік жүйені монтаждау жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы шамдарды ауыстыру, пандусты дайындау және монтаждау, акт залына ағымдағы жөндеу, бейнебақылау жүйесін монтаждау және іске қосу-баптау және толық жинақтау, сөйлеу хабарын және дауыс зорайтқышты монтаждау, аркалы металл детектор монтаждау, мүгедектерді бейімдеу үшін санитарлық тораптарды ағымдағы жөндеу, "электрондық терминал" тепловизорын монтаждау, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тактильді плиткаларды орнату, мұражайды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Bilim BOOK білім беру жүйесі интерактивті ТВ панель, тігін машиналарына арналған үстелдер мен орындықтар, оқушыларға арналған 8 мектеп партасын, 62 орындықтар, асхана үшін ауа рециркуляторы сатып алынды.

2022 жылы 11 теледидар, спорттық инвентарь сатып алынды. Салтанат залының сахнасын безендіру бойынша жұмыстары (ықтырмалар) жүргізілді.

Мектептің акт залы 150 орынға арналған.

Дене шынықтыру сабағын өткізуге арналған ауданы 272,6м² спорт залы және ауданы 107,5м² жаттығу залы бар. Мектептің аумағында ауданы 10800м² спорттық-дене шынықтыру алаңы, ұзындығы 350 метрлік қашықтыққа жүгіру жолы орналасқан. Қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету шаралары жүргізілуде. Шеберхана және спорт залы, оқу кабинеттері жарықпен қамтылған.

Қазіргі кезде мектепте оқушылардың өзіндік-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда, қоғамдағы бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технология белсенді түрде енгізілген: білім беру үрдісінде 155 компьютерлік техника қолданылады. 5-11 сыныптар арасында 1 компьютерге 2 оқушыдан, 2-11 сынып арасында 1 компьютерге 3,8 оқушыдан келеді. Екі компьютерлік сыныптың интернетке шығу желісінің түрі ADSL. АКТ оқу үрдісіне «Информатика» жеке пән ретінде 5-11 сыныптарға, ал 1-4 сыныптарға «Информатика негіздері», «Роботтехника», «ІТ-сынып» факультативтік курс ретінде енгізілген. 5-11 сынып оқушыларының интернет желісіне қосылуы 100%-ды құрайды. Мектептің электрондық адресі: stepmsh15@mail.ru, мектеп сайты: <http://sc0005.stepnogorck.akmoedu.kz>. Мектеп сайтында келесі парақшалар орналасқан: назар салыңыз; мектепке келу схемасы; мектеп өмірінен жаңалықтар; құжаттар; үйірмелер мен секциялар; ҰБТ, ОЖСБ; кітапхана;

мектеп баспасөзі; мектеп ұжымы; педагогикалық кеңес; әдістемелік жұмыс; оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері; тәлімгер ұстаздар; мұғалімдер галереясы; психологтың парақшасы; әлеуметтік педагог; медициналық парақша; тәрбие жұмысы; ата-аналар мектебі; жұлдызды алаңқай; біздің жетістіктеріміз; үлгерім мониторингі.

Мектепті материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қауіпсіздік жұмысын нығайту мақсатында 2020жылдың соңында турникет құрылғысы орнатылды, оған жергілікті бюджеттен 1млн 598мың 600теңге, аркалы металл детектор монтаждау оған 1 млн 400 мың теңге, "электрондық терминал" тепловизорын монтаждау 620 мың теңге қаражат бөлінді.



2021 жылдың сәуір айында барлық оқу-кабинеттерінің шамдары жаңартылды, оған жан басына қаржыландыру бойынша облыстық бюджеттен 4 млн 288 мың 300 теңге қаражат бөлінді.



Мүгедек және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында жан басына қаржыландыру бойынша облыстық бюджеттен 950мың теңгеге пандус құрылғысы орнатылды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тактильді плиткаларды орнатуға 420 мың теңге, мүгедектерді бейімдеу үшін санитарлық тораптарды ағымдағы жөндеуге 1 млн 410 мың теңге қаражат бөлінді.





Қазіргі уақытта мектепті толық бейне бақылаумен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде: бұл мақсатқа 4 млн 907,8 мың теңге қаражат бөлінген: істен шыққан бұрынғы бейнекамераларын жөндеу, қосымша 29 бейнекамера, 2 бейнетіркеуші, 2 монитор орнату, монтаж жұмыстары.



Салтанат залының сахнасын безендіру (ықтырмалар) бойынша жұмыстарына 1 млн 010 мың теңге құражат бөлінді.



Жан басына қаржыландыру бойынша облыстық бюджеттен 449мың теңгеге қыз балалардың еңбек сабағын өткізуде қолданылатын 10 тігін машинасы, ер балалардың еңбек сабақтарын жүргізуге 393мың 800 теңгеге бұрғылау станогы, тігін машиналарына арналған үстелдер мен орындықтарға 464 мың теңге, IT сынып үшін робототехника жабдықтарына 267 мың 500 теңге қаражат бөлінді.





2021 жылы мұражайды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді, оған 650 мың теңге қаражат бөлінді.



V. Кадрлық ресурстар

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ – ЖЕТІСТІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту, өркениет әлемінің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «...Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикалық әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінде соңғы үш жылда педагогикалық кадрлардың сандық және сапалық құрамы төмендегі кестелерде көрсетілген:

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Белгілі білімдері бойынша педагогтар үлесі	Барлығы -56 Жоғары білім -50 Арнаулы орта - 6	Барлығы -48 Жоғары білім -45 Арнаулы орта - 3	Барлығы-50 Жоғары білім -47 Арнаулы орта -3
Белгілі санаттар бойынша педагогтар үлесі	жоғары - 23,2% бірінші – 12,5% екінші – 14,2% педагог-зерттеуші- 33,9% педагог-сарапшы - 26,7% педагог-модератор – 8,9% санаты жоқ– 21,4	жоғары - 0% бірінші – 0% екінші – 5% педагог-зерттеуші- 41% педагог-сарапшы - 19% педагог-модератор – 13% санаты жоқ– 27	жоғары - 0% бірінші – 0% екінші – 5,7% педагог-зерттеуші- 30% педагог-сарапшы - 14% педагог-модератор 16– % санаты жоқ– 40%
Педагогикалық өтілдері бойынша педагогтар үлесі	8 ж.дейін – 32,1% 9 ж-20ж – 28,5% 20ж.жоғары – 3,9%	8 ж.дейін – 20% 9 ж-20ж – 40% 20ж.жоғары – 40%	10 ж.дейін –46 % 11ж-20ж – 28,8% 20ж.жоғары– 25,2%
Жастары бойынша педагогтар үлесі	30 ж. дейін – 26,7% 31-45 - 39,2 % 46-60 - 33,9 %	30 ж. дейін – 23% 31-45 - 53 % 46-60 - 24 %	30 ж. дейін – 30% 31-45 - 50% 46-60 - 20%


Мектеп педагогтарының ағымдағы жыл бойынша сапалық құрамы:

Білімдері бойынша			
Барлығы	Магистр	Жоғары	Арнаулы орта
50	6	47	3
	12%	94%	6%

Санаттары бойынша							
Барлығы	Жоғары	Педагог - зерттеуші	I	Педагог - сарапшы	II	Педагог-модератор	Санаты жоқ
50	0	15	0	7	0	8	20
%	0%	30%	0%	14%	0%	16%	40%



БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ





Мұғалімдердің біліктілік курстардан және түрлі тақырыптық курстардан өтуі бойынша сертификаттары

БҮГІНГІ ЖАС МАМАН - КЕЛЕР ҰРПАҚТЫҢ СӘУЛЕТКЕРІ

Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты рухани бай, ізденімпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек.

Жас мамандар мектепте тәлімгерлердің көмегімен бейімделу уақытынан өткеннен кейін кезең-кезеңімен әдістемелік дайындық жұмыстарын бастады. Тәлімгерлері жас мамандардың сабағына, жас мамандар тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысып отырады. Сабаққа қатысуды талдау әдістеме отырысында жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда жан-жақты білімді, өз істерінің білгірлері болғысы келетін жас ұстаздар бар. Олар түрлі сайыстарға қатысып, өздерінің жетістіктерімен көзге түсіп жатады. Біздің мектепте де осындай жас мамандар баршылық. Мектепке келген жас мамандар мектеп қабырғасына жаңадан келгендіктеріне қарамастан, мектептің сабақ, сыныптан тыс іс-шараларына өз үлестерін қосып жатыр. Жас мамандар мектебімізде қараша айында өткізген «Жас ұстаздар апталығына» белсене қатысты. Апталықта инновациялық технологияларды қолдана отырып, ашық сабақтар көрсетті.

Ағымдағы жылда мектебімізге көптеген жас мамандар келіп, өздерінің алғашқы еңбек жолын бастады. Олар қысқа уақытта оқушылардың сүйіспеншілігіне ие болып, мектеп өміріне белсенді қатысуда. Сонымен қатар білімін жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарынан өтуде. Мектебімізде еңбек өтілі 5 жылға дейінгі жас мамандар қала деңгейіндегі түрлі

сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде, мектеп өз тарапынан жас мамандар үшін мектеп деңгейінде оқыту семинарлары өткізілуде.

Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдерінің, қалалық байқауларға қатысып, көрсеткен нәтижелері: Аманжолова Данара Маратовна - бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы пәнаралық олимпиадаға қатысып жүлделі 1 орын иеленді. Зейнулла Ақбілек Амантайқызы - бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы пәнаралық олимпиадаға қатысып жүлделі 2 орын иеленді. Салимтай Нұрай - “Үздік бастауыш сынып мұғалімі 2023” байқауына қатысып жүлделі 3 орынмен марапатталды.



https://www.instagram.com/p/C1KdMw6s0E6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК – ТАБЫС КЕПІЛІ

Мектеп - келешек ел басқарар, жер басқарар, елі мен халқын гүлдентер, мейірін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды тәрбиелейтін киелі де, қасиетті ұя. Ал сол мектептің негізгі тірегі – білімді де білікті ұстаз. Осы ұстаздың бүгінгі күндегі жетістіктері мол. Осы мұғалімдердің қатарында мектебіміздің ұлағаттары ұстаздары Калтенова З.К., Киршимова А.К., Ережепова Г.Б., Шаяхметова М.Н., Ракишева Р.С. және тағы басқалар өз үлестерін қосуда.



Педагогикалық шеберлігі және білім беру жүйесіне қосқан адал еңбегі үшін ағымдағы оқу жылында төмендегі педагог кадрлар түрлі мерекелер қарсаңында марапатталды:

Марапаттау мақсаты	Құрмет грамотасы		Алғыс хат	
	деңгейі	Мұғалімнің аты-жөні	деңгейі	Мұғалімнің аты-жөні
Тамыз конференциясы (жылдық нәтижесі бойынша)	Степногорск ҚББ	Джалгасов Г.М.	Степногорск ҚББ	Абилдина А.М.
			Ақмола обл.ББ	Ережепова Г. Б.
			Степногорск ҚББ	Абилдина А.М.
Мұғалім күніне				Абежанова Н. А Кушқумбаева С. М.
Конституция күніне орай				
Тәуелсіздік күніне				
8-Наурыз мерекесіне			Степногорск ҚББ	Лукманова Г. К.
Басқа	Құрмет грамотасы. Ақмола облысы маслихатының төрағасынан	Шаяхметова М. Н. Төлеген С. Ө. Ракишева Р. С.		
	Қалалық Маслихаттан Алғыс хат	Калтенова З. К.		
	Ақмола обл.ББ	Мухамеджанова Д.Ш.		
			2023-2024 оқу жылында оқушылары жоғары жетістікке жеткені үшін Степногорск ҚББ	Абежанова Н А Калтенова З К Ракишева Р С Ережепова Г Б Ақылбаева Б К Туякова А Н Кабжанова Г К Кушқумбаева С М Төреханов Ә Б Адильханова А С Жамалиева Г Е

КӘСІБИ ШЫҢДАЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Білім беру жүйесінен көрініс табатын көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашақ. Әлем өзгеруде, соған сәйкес мұғалім де өзгеріссіз қалмай, өздерінің білім беру жүйесі арқылы орын алған өзгерістерге қалай ықпал ететіндігін білуі тиіс.

Шульманның «үш көмекші» деп анықтаған – «бас – кәсіби түсінік, қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары, жүрек – кәсіби тұтастық» мұғалім бойындағы қасиеттерді тізбектеген, ал Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген философиялық ойларымен үйлессе ғана оқыту сапалы және табысты болатынына көз жеткізді. Деңгейліктен өткен ұстаздардың атқаратын жұмысы осыған дәлел.

Қарашаның 14ші жұлдызында педагог қызметкерлерге #42 бұйрық таныстырылып және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020жылғы 11 мамырдағы #190 бұйрығы, педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдептің нормаларымен мектеп әдіскері Базарбекова Асель Какимбековна таныстырып, мұғалімдердің танысқаны жайлы қолхат алынды.

https://www.instagram.com/p/C3VESkytjE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қараша айының 14-ші жұлдызында мектебімізде “Үлгерімі төмен оқушылармен қалай жұмыс жасаймыз?” атты әдістемелік кеңес отырысы және сынып жетекшілер отырысы ауқымды, маңызды коучинг түрінде өтті. Коучинг барысында мұғалімдерге қызықты, жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып, заманауи ортада барлық ұжым белсенді жұмыс жасады.

https://www.instagram.com/reel/CztEzBRtYSi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қаңтар айында “Заманауи білім-тиімді әдіс пен ұлттық құндылықтардың көрінісі” атты қалалық бастауыш сынып семинары өтті. Семинарда тәжірибелі ұстаздар керемет сабақтар көрсетіп, ата-аналармен жұмыс жасау түрлерімен бөлісті. Семинар өз мақсатына жетті, барлық ұстаздар тиімді әрі керекті мәлімет алды. Семинар ең жоғары деңгейде өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C2ZEVFltFSQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C0OvCT2sFwN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Желтоқсанның 22 жұлдызында мектебімізде “Цифрлы Қазақстан - болашаққа батыл қадам” атты қалалық информатика пәні мұғалімдері семинары өтті. Семинарда тәжірибелі ұстаздар керемет сабақтар көрсетіп, “IT BATTLE” атты интеллектуалды ойын өткізілді. Семинар өз мақсатына жетті, барлық ұстаздар тиімді әрі керекті мәлімет алды. Семинар ең жоғары деңгейде өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C1KJt4pMK76/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Цифрлы Қазақстан болашаққа батыл қадам” атты қалалық информатика пәні мұғалімдері семинарында 6 “Ә” сынып оқушыларымен “Объектілердің 3D модельдері” тақырыбында ашық сабақ өтілді. Сабақтың мақсаты: Модельдеу ұғымымен танысу, SketchUp программасының құралдарын ажырата білу, Объектілердің 3D модельдерін жасай алу. Информатика пәні мұғалімі: Жексенбаева А.Ж.

https://www.instagram.com/p/C1MbdcasD6W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ағымдағы айдың 27ші жұлдызында Ақмола облысы әдістемелік кабинетінің және педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырылуымен “Зерттеуші ұстаз” жобасы аясында “ Мектептегі lesson study” тақырыбында облыс деңгейіндегі семинарда С.Сейфуллин атындағы #5 көпсалалы мектеп-лицей басшысы Искакова Орынбасар Сеитовна “ Lesson study зерттеу жобасының мұғалімдерге әсері” атты TEDx форматта іс-тәжірибесімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/C321APUMjjV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Сәуір айының 1.04-12.04 аралығында “Жаратылыс- сыры ғылымда” тақырыбында жаратылыстану- математикалық бағыты пәндерінің онкүндіктің жоспарымен таныстырылды.

https://www.instagram.com/reel/C5QeQydMvzA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

1.04 күні «Жаратылыс сыры-ғылымда» атты онкүндік аясында 8-11 сыныптармен химия пәні бойынша «Химия қызықты әлем» тақырыбында көңілді үзіліс өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C5oH8jIMkeJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жаратылыстану -математикалық бағыты пәндері онкүндігінің аясында 9 сыныптар арасында математика және физика пәнінен «1 минут» интеллектуалды шоуы өтті. Өткеніміз тарих, болашағымыз беймәлім.... Ал бізге берілген әр сәт ол үлкен мүмкіндік! Ия, бар жоғы 1 минут. 1 минуттың қадірін ойынымызға қатысып отырған оқушыларымыз өз бойларынан өткізе білді. «1 минут» интеллектуалды ойынымыз үш кезеңмен өтті. I кезең «Білім додасы» деп аталды. Онда физика және математика 20 сұрақ қойылды. II кезең «Біз саған, сенеміз!» деп аталған болатын, онда екі топтың капитандары өзара сайысты. Олардың әрқайсысына 4 сұрақтан берілді. III кезең «Ойлан, тап!». Осы кезеңде құпия жәшікте жасырылған затты табу ұсынылған болатын. Ойлануға 1 минут уақыт берілді. Ойын арасында жанкүйерлерге де сұрақтар

берілді. Интеллектуалды ойын соңында барлық оқушылардан кері байланыс алынып, ойын нәтижесі сараланды.

Ұйымдастырушы: математика пәнінің мұғалімі Шаяхметова М.Н. және физика пәнінің мұғалімі Қалтенова З.Қ

https://www.instagram.com/reel/C5zfsYIo-WD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2024 жылдың 17 сәуір күні «Заманауи білім трендтер және инновациялық тәжірибе» атты қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық семинары өтті. Семинар – мектебіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері Қабдуали Ш. 10 «А», Қайрден Б.О. 7 «А», Ережепова Г.Б. 8 «А» сыныбында ашық сабақтарын көрсетті. Ашық сабақ жоғары деңгейде өтті. Ашық сабақтан кейін мектебіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері Ракишева Р.С., Киршимова Н.К. «Ақын Сәкен – поэзия тұлпары, батыр Сәкен – заманының сұңқары» атты әдеби кеш өткізілді. Қалалық семинарымызға Степногорск қаласының білім бөлімінің әдіскерлері, қала және ауылдық мектептерінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері ашық сабақтарға кіріп тәжірибе алмасты. Семинарымыз Өскелең ұрпаққа нәтижеге бағытталған, заманауи білім трендтерін, инновациялық тәжірибе көрсете отырып сапалы білім беру, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Өткізілген жұмыстардың тиімді, шынайы болғандығын алдағы уақытта өз жұмыстарынан көрініс табатындарын айтып, бір-біріне келешек жұмыстарына шығармашылық табыс тілеп, мектеп ұжымына алғыстарын білдірді.

https://www.instagram.com/reel/C53t5Nbss61/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мұғалімдерді жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында өзін-өзі дамытуға дайын болуын, жеті модуль технологиясы бойынша әдістемелік жұмыстың тиімділігін қолдана отырып, іс-тәжірибесін жетілдіру мақсатында оларды оқыту және тәлімгерлік көмек көрсету бойынша мектепшілік әдістемелік кеңестер мен мектепшілік семинарлары ұйымдастырылып келуде. Сонымен қатар Lesson study зерттеу сабақтары бойынша мектепшілік семинар өтіп, ұстаздар өзара тәжірибе алмасып, пікірлерімен бөлісті.

«Зерде» және ҒӘК бойынша мектепшілік семинар өтіп, семинар барысында тәжірибелі педагог ұстаздар облыс және республика деңгейінде орын алған мұғалімдер жұмыстарымен таныстырып, тәжірибиелерімен бөлісті. Семинар жаңадан келген Жас маман педагогтерге және осы оқу жылында ғылыми жұмыс жазып жатқан әріптестерге зор үлесі болды.

№	Мұғалім аты-жөні	марапаттау	
		Құрмет грамотасы (не үшін берілгені, мереке атауы) (деңгейі: қала, область, респ.)	Алғыс хат (не үшін берілгені, мереке атауы) (деңгейі: қала, область, респ.)

1.	Абилдина Алтын Мараловна	-	Тамыз конференциясы - Алғыс хат, ҚББ
3.	Шаяхметова Маржан Нугмановна	-	Құрмет грамотасы. Ақмола облысы маслихатының төрағасынан
4.	Калтенова Зияда Калауовна	-	Қалалық Маслихаттан Алғыс хат
5	Төлеген Сапура Өтепбергенқызы	-	Құрмет грамотасы. Ақмола облысы маслихатының төрағасынан
6	Мухамеджанова Динара Шырақжановна	Білім беру жүйесіндегі адал жұмыс атқарғаны және кәсіби қызметте қол жеткізген нәтижелрі үшін «Құрмет грамотасы» 2023жыл, Облыстық	Алғыс хат қала әкімі 2023ж.
Ракишева Роза Сейтхазиновна	-	Құрмет грамотасы. Ақмола облысы маслихатының төрағасынан Алғыс хат. Степногорск қаласы әкімінің орынбасарынан Алғыс хат. Степногорск ҚББ Алғыс хат. Степногорск ҚББ Алғыс хат. Степногорск тау-кен колледжінен	Ракишева Роза Сейтхазиновна
Ережепова Гульбира Батыровна	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ Алғыс хат Степногорск ҚББ Алғыс хат Ақмола облысының білім басқармасынан	Ережепова Гульбира Батыровна
Калыкова Гульжан Еслямғалиевна	1. «Ұстаз» ордені. ҚР Педагогтар Қоғамының шешімімен білім беру саласына қосқан үлесі үшін. Республикалық. № 0832, 2024ж. 2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып, Халықаралық «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояулар құпиясы» атты конкурста шәкірт дайындап, өнерге	1. Астана қаласының «ОҚУ-АҒАРТУ» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Бастау» математикалық байқауына, білім беру жүйесіне қосқан зор үлесі мен қызметі үшін Алғыс хат. 2023ж 2. Қоғам қайраткері, көрнекті ағартушы М. Дулатұлының атын ел көлемінде дәріштеп, ақынның мол мұрасын жас ұрпақтың жадында қайта жаңғыртуға арналған I Республикалық «Оян, Қазақ» шығармашылық байқауына дарынды шәкірт дайындаған үшін Алғыс хат. ID M042, Алматы. 2023ж. 3. Астаналық оқу-әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Абай оқулары» атты Республикалық шығармашылық	Калыкова Гульжан Еслямғалиевна

	деген құштарлығын оятқаны үшін Құрмет грамотасы. Тіркеу №000357. Алматы қ.2023ж.	байқауға жас ұрпақты белсенді қатыстырған үшін Алғыс хат. Тіркеу №204. 2023ж. 4. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастырылуымен өткізілген білім саласы қызметкерлері арасында «Парасатты педагог» атты байқауда белсенділік танытып, сапалы білім беруде атқарған еңбегі үшін Алғыс хат. Тіркеу №1322. Астана қ. 2024ж.	
--	--	---	--

№	Мұғалім аты-жөні	марапаттау	
		Құрмет грамотасы (не үшін берілгені, мереке атауы) (деңгейі: қала, область, респ.)	Құрмет грамотасы (не үшін берілгені, мереке атауы) (деңгейі: қала, область, респ.)
1.	Абилдина Алтын Мараловна	-	Тамыз конференциясы - Алғыс хат, ҚББ
3.	Шаяхметова Маржан Нугмановна	-	Құрмет грамотасы.Ақмола облысы маслихатының төрағасынан
4.	Калтенова Зияда Калауовна	-	Қалалық Маслихаттан Алғыс хат
5	Төлеген Сапура Өтепбергенқызы	-	Құрмет грамотасы.Ақмола облысы маслихатының төрағасынан
6	Мухамеджанова Динар Шырақжановна	Білім беру жүйесіндегі адал жұмыс атқарғаны және кәсіби қызметте қол жеткізген нәтижелрі үшін «Құрмет грамотасы» 2023жыл, Облыстық	Алғыс хат қала әкімі 2023ж.
7	Ракишева Роза Сейтхазиновна	-	Құрмет грамотасы.Ақмола облысы маслихатының төрағасынан Алғыс хат.Степногорск қаласы әкімінің орынбасарынан Алғыс хат.Степногорск ҚББ Алғыс хат.Степногорск ҚББ Алғыс хат.Степногорск тау-кен колледжінен
8	Ережепова Гульбира Батыровна	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ Алғыс хатСтепногорск ҚББ Алғыс хат Ақмола облысының білім басқармасынан

9	Калыкова Гульжан Еслямғалиевна	<p>1. «Ұстаз» ордені. ҚР Педагогтар Қоғамының шешімімен білім беру саласына қосқан үлесі үшін. Республикалық. № 0832, 2024ж.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене отырып, Халықаралық «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Бояулар құпиясы» атты конкурста шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін Құрмет грамотасы. Тіркеу №000357. Алматы қ.2023ж.</p>	<p>1. Астана қаласының «ОҚУ-АҒАРТУ» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Бастау» математикалық байқауына, білім беру жүйесіне қосқан зор үлесі мен қызметі үшін Алғыс хат.2023ж</p> <p>2. Қоғам қайраткері, көрнекті ағартушы М.Дулатұлының атын ел көлемінде дәріптеп, ақынның мол мұрасын жас ұрпақтың жадында қайта жаңғыртуға арналған І Республикалық «Оян, Қазақ» шығармашылық байқауына дарынды шәкірт дайындаған үшін Алғыс хат. ID M042, Алматы.2023ж.</p> <p>3. Астаналық оқу-әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «Абай оқулары»атты Республикалық шығармашылық байқауға жас ұрпақты белсенді қатыстырған үшін Алғыс хат. Тіркеу №204. 2023ж.</p> <p>4. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастырылуымен өткізілген білім саласы қызметкерлері арасында «Парасатты педагог» атты байқауда белсенділік танытып, сапалы білім беруде атқарған еңбегі үшін Алғыс хат. Тіркеу №1322. Астана қ, 2024ж.</p>
---	-----------------------------------	--	---

10	Абежанова Нуржамал Арысбековна	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ
11	Кушқумбаева Сауле Маратовна	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ
12	Лукманова Гульстан Каиржановна	-	Алғыс хат, Степногорск ҚББ 2023ж
13	Салимтай Нурай Каирлықызы	Халықаралық «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдастырумен өткен «Бояулар құпиясы» атты конкурсына шәкірт дайындап, өнерге деген құштарлығын оятқаны үшін	Республика көлемінде «Zeyindi_bala» балалар шығармашылығының ұйымдастырумен өткізілген «Бояулар құпиясы» атты балалар арасындағы байқаудың кең көлемінде таралып өтуіне қосқан үлесі үшін
14	Кабжанова Гульмира Каирбековна	-	Степногорск ҚББ
15	Жетпісбаева Марал Алтынбековна	-	Алғыс хат, Степногорск, 2023 Алғыс хат, Степногорск, 2023 Алғыс хат, Кокшетау, 2023
16	Туякова Анар Назымбековна	-	Алғыс хат, Степногорск, 2023 Алғыс хат, Степногорск, 2024
17	Адилханова Айнагүл Саттарқызы	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ 2023ж Алғыс хат Степногорск ҚББ 2023ж «Үздік экскурсия жетекшісі» облыстық байқауы. Ақмола облысы туризм басқармасы .
18	Жартушенова Гулшахар Серікқызы	-	Алғыс хат Степногорск ҚББ 2023ж
19	Ерболат Мұрат	-	Степногорск қаласы мәдениет тілдер дамыту дене тәрбиесі спорт бөлімі
20	Тәттібай Айдос Әмірұлы	-	Ақмола облысы білім басқармасының туризм, ДШ, АЭТД орталығынан спорт саласында үлес қосқан үшін. Ақмола облысы білім басқармасынан дене шынықтыру пәнінен облыстық олимпиадаға команда дайындағаны үшін. Аманат партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасынан.
21	Жамалиева Гульжан Ерболовна	-	Ақмола облысы білім басқармасының туризм, ДШ, АЭТД орталығынан спорт саласында үлес қосқан үшін. Ақмола облысы білім басқармасының туризм, ДШ, АЭТД орталығынан спорт саласында үлес қосқан үшін. Степногорск қаласының білім бөлімі басшысынан.
22	Рахманбердиев Ақылбек Алиевич	-	Ақмола облысы білім басқармасының туризм, ДШ, АЭТД орталығынан спорт саласында үлес қосқан үшін

2023-2024 о.ж. педагогтерді марапаттау бойынша мәлімет

Педагогтердің өзін-өзі жетілдіру тақырыбы

<i>№</i>	<i>Мұғалім аты-жөні</i>	<i>осы тақырыпта жұмыс істеуді бастаған жыл</i>	<i>тақырып</i>
1.	Абилдина Алтын Мараловна	2020	Python программалау тілін меңгеру. Олимпиадалық есептерді шешу жолдары.
2.	Джалгасов Габит Мусабекевич	2018	«Математика сабағында оқушылардың танымдық және шығармашылық қызметін басқару»
3.	Шаяхметова Маржан Нугмановна	2022-2023	Lesson study сабақты зерттеу тәсілін қолдана отырып, оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру
4	Калтенова Зияда Калауовна	2019	«Білім беру мазмұнын жаңарту аясында физика сабағында оқушыларды құзыреттілікке бағыттап оқыту»
5	Жұмабай Кәмілә Монтайқызы	2023	Мектептің жоғарғы сыныбында «Кері тригонометриялық функциялар» тақырыбын оқыту әдісі
6	Жексенбаева Айся Жанатовна	2023	Python программалау тілінде есептер шығару
7	Төлеген Сапура Өтепбергенқызы	2015	Нәтижеге бағдарланған білім-тұлғаның сапалық белсенділігін арттырудың кепілі
8	Мухамеджанова Динара Шырақжановна	2022 ж.	«Информатика пәнін оқытуда оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, олардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың элементтерін пайдалану»
9	Жусупбаева Назира Орловна	2024 ж	Математика сабақтарында оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін арттыру
Мектебіміздің түлектері және ата-аналарына кәсіптік бағдар беру «Баламның таңдауы, болашақты таңдау» мамандық таңдау-маңызды және жауапты іс, Мамандықты таңдай отырып, бірінші кезекте баланың мүдделерін, оның бейімділігін, қабілетін, ниетін және тек қана отбасылық дәстүрлер мен мүдделерді ескеру қажет. Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынамасы әлеуметтік желіде мектептің инстаграммына салынып жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/C2ZNIorsgTg/?utm_source=ig_web_copy_link

9-11 сыныптың оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз-өзін танудың жалпы эзирлігін қалыптастыру, мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру мақсатында жадынама әлеуметтік желіде мектептің инстаграммына салынып жарияланды.



https://www.instagram.com/reel/C4v3CWXr4iB/?utm_source=ig_web_copy_link

11 сынып оқушыларымен «Стресске төзімділікті арттыру» тренингі өтті. Оқушылардың емтихандарды ойдағыдай тапсыруға психологиялық тұрғыдан қарауға үйрету, жоғары сынып оқушыларының бойында өзіне, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділікті дамыту. Оқушылардың ҰБТ – ге дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, стрестен арылу жолдарын үйрету, түстер арқылы қатысушылардың тренинг соңындағы көңіл күйлерін анықтау мақсатында «Сіздің көңіл-күйіңіз қандай?» жаттығуы, «Ақ парақтың екі бөлігі» жақсы психологиялық ахуал орнату, қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалды стрессті жеңілдету. Өзін-өзі реттеуді, мінез-құлықтың озбырлығын, ережелер бойынша жұмыс істей білуді дамыту, сындарлы өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту мақсатында арт-терапия "Жұптасып сурет салу", оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылтуға «Поезд» жаттығуы

және ұжымда психологиялық ахуалды қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп, көңіл-күйін көтеру. тимбилдингінің мақсаты жас педагогтар ұжымын біріктіру және тиімді командалық өзара іс-қимылды құру, ұжымда қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру, командада жұмыс істей білуін дамыту, эмоциялық жағдайын жақсарту. «Жіп терапиясы» атты тимбилдинг, бойдағы ашуды, агрессияны сыртқа шығару «Ашулы қарлар» жаттығуы, нейрожаттығу «Доп алмасу» сергіту жаттығуы, Миды дамыту жаттығуы психологиялық ахуал тудыру, осы арнайы жаттығулар арқылы мидың табиғи механизмін жандандыру. Бұл жаттығуларды орындау арқылы: зейін тұрақтылығы мен есте сақтауды, стрессті сейілтуде, эмоционалды көңіл-күйін орнықтыруда қолданылады. Екі қолдың бір мезгілде қозғалысы екі жарты шарды бірден белсендіреді. Көрнекі-кеңістіктік координацияның дамуына ықпал етеді, көзбен қолдың жұмысы синхроналды, көрнекі қабылдау дағдылары бекітіледі. Тренинг соңында "Тренингте мен..." яғни оқушылар тренинг барысында туындаған сезімдерімен, ойларымен бөліседі, алдын ала таратылған стикерлерге жазады.

<https://www.instagram.com/reel/C7TTvFDMZqJ/?igsh=Ymp0aWN4MDUwZ2J5>



«ҰБТ-ге 1 күн қалғанда не істеу керек» оқушылардың бойына сенімділікті қалыптастыру. Емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру және сәтті тапсыру үшін 11-ші сынып оқушыларына “ҰБТ-ге 1 күн қалғанда және емтихан кезіндегі өзін ұстау” атты психологиялық кеңестер ұсынылды, эмоцияларды басып, жүйкені тыныштандыру жолдары. ҰБТ алдында емтиханнан кейінгі өмірін қиялдап, миға бағыт беру дің маңыздылығын, емтиханға бір күн қалғанда демалған дұрыс, Ұйқыны қандырып, бойды еркін ұстап, босаңсу керек, Маңызды тестілеу алдында мидың демалуы қажет, Әйтпесе, ҰБТ алдында алған көп ақпарат миға жүк болып, ертеңіне емтихан кезінде қарапайым сұрақтардың жауабын ұмытып қалуыңыз мүмкін жалпы ақпарат әлеуметтік желіде мектеп инстаграммына салынып жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/C7yXXxusnSJ/?igsh=bTU0ZW81MjF0Mz>

II

Оқушылардың арасындаға жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету мақсатында «Біз өмірде достықты бағалаймыз» тақырыбында 9-шы сынып оқушыларының арасында тренинг өткізілді. сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығының нәтижесінің И.В.Дубровина болса жасөспірім кезеңдегі негізгі психологиялық өзгеріс өзін өзі анықтау емес, сол өзін өзі анықтауға психологиялық дайындық деп есептеген. Мұндағы өзін зөі анықтауға психологиялық дайындық дегеніміз: Сана сезімнің жоғарғы дәрежеде қалыптасуы; Тұлғалық қажеттіліктің дамуы;

Жоғарғы сынып оқушыларының әрқайсысының өзіндік қызығушылығымен қол жетерлік табыстар. К.К. Платонов ойынша: «Өзіндік сана- сананың объективті әлемнен өзін бөіп қарастыруы, саналау, өзін адам ретінде бағалау, әлемдегі өз орны, өз қызығушылықтары, білімі, мінез құлқы» Осыған орай, талапкерлердің қандай да бір мамандықты таңдауы эндогендік және экзогендік сипаттағы факторлардың басымдық деңгейімен байланысты деп қортындылауға болады

ДДО- Е.Л.Климовтың дифференциалдық-диагностикалық сұрақнама, адамдарды биологиялық белгілер бойынша нақты психологиялық типтерді анықталды,

Сынып: 11 «А», **қатысқаны:** 17 оқушы,

Мақсаты: Жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын зерттеу. ҰБТ таңдаған пәндерін анықтау. Кеңес беру арқылы жоғарғы сынып оқушыларының назарына кәсіптік мамандықты ұсыну.


Сауалнама 40 сұрақтар құралған. Барлық оқушылар толық жауап берді. Осылайша, алынған мәліметтер мамандық түрі бойынша келесілер туралы айтады:

№	Кәсіп түрлерінің атауы	Қызығушылық танытатын салалар
1.	Адам-табиғат	1 оқушы-6%
2.	Адам-техника	3 оқушы-18%
3.	Адам-адам	5 оқушы-29%
4.	Адам–белгі	1 оқушы-6%
5.	Көркемдік бейне	5 оқушы-29%

Сынып: 11 «Ә», **қатысқаны:** 19 оқушы,

№	Кәсіп түрлерінің атауы	Қызығушылық танытатын салалар
1.	Адам-табиғат	4 оқушы- 21%
2.	Адам-техника	5 оқушы- 26%
3.	Адам-адам	5 оқушы-26%
4.	Адам–белгі	3 оқушы-16%
5.	Көркемдік бейне	3 оқушы- 16%

11 «А», «Ә» сыныптарының диаграммалық көрсеткіші



Қорытынды:

Кездесу соңында оқушыларға жаңа мамандықтар туралы кезең берілді. Барлық оқушылар болашақ мамандықтары мен ҰБТ дайындалатын пәндерін таңдады.

Сынып: 9 «А», қатысқаны: 17 оқушы,

№	Кәсіп түрлерінің атауы	Қызығушылық танытатын салалар
1.	Адам-табиғат	3 оқушы- 18 %
2.	Адам-техника	5 оқушы-29 %
3.	Адам-адам	3 оқушы-18 %
4.	Адам-белгі	2- оқушы- 12 %
5.	Көркемдік бейне	5 оқушы-29 %


Сынып: 9 «Ә», қатысқаны: 19 оқушы, сабақ түрі: зерттеу, кеңес беру

№	Кәсіп түрлерінің атауы	Қызығушылық танытатын салалар
1.	Адам-табиғат	5 оқушы- 26 %
2.	Адам-техника	4 оқушы- 21 %
3.	Адам-адам	3 оқушы- 16 %
4.	Адам-белгі	1 оқушы-5 %
5.	Көркемдік бейне	6 оқушы-32 %

Сынып: 9 «Б», қатысқаны: 20 оқушы,

№	Кәсіп түрлерінің атауы	Қызығушылық танытатын салалар
1.	Адам-табиғат	4 оқушы-20 %
2.	Адам-техника	3 оқушы- 15 %
3.	Адам-адам	9 оқушы- 45 %
4.	Адам-белгі	1 оқушы- 5 %
5.	Көркемдік бейне	2 оқушы- 10 %

9 «А», «Ә», «Б» сыныптарының диаграммалық көрсеткіші



Кәсіп түрлерінің атауы:

«адам–табиғат» – өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және орман шаруашылығымен байланысты барлық кәсіптер;

«адам–техника» – барлық техникалық мамандықтар;

«адам–адам» – адамдарға қызмет көрсетумен, қарым-қатынаспен байланысты барлық кәсіптер;

« адам–белгі» - есептеулермен, сандық және әріптік белгілермен байланысты барлық мамандықтар, соның ішінде музыкалық мамандықтар;

«адам–көркемдік білім» –барлық шығармашылық мамандықтар.

Ұсыныстар:

Оқушылар шығармашылық жобалармен айналысып, басқа оқушылармен өз тәжірибесімен бөлісе алатындай сынып жетекшісі сынып сағаттарын жиі өткізуі керек, Әрі қарайғы жұмыс оқушылардың шығармашылық және зияткерлік процестер, оларды шығармашылық және жобалық жұмыстарда жұмыспен қамту.

Алдағу уақытта оқушылармен өзін-өзі анықтаудың қосымша әдістерін жүргізу, мамандыққа психологиялық ойын, тренингтер арқылы оқушыларға өз басымдықтарын түсінуге көмектесу.

Дарынды оқушылармен жұмыс.

Дарынды балалармен жұмыста мұғалімдерге ғылыми – әдістемелік, ақпараттық қолдау көрсетуді жетілдіру. Дарынды оқушының қызығушылығын арттыру, дамыту үшін таңдалып алынған дарынды оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Дарынды балаларды анықтау, ата-аналарымен, сынып жетекші пән мұғалімдерімен қызығушылықтары мен қажеттіліктерін анықталынып С.А. Савенков картасы толтырылды және Жұмабаева Ә.Е. «Дарындылықты дамыту жұмыстарының әдістемесі», «Дарындылық картасы әдістемесі», "қызығушылықтар картасы" әдістемесі «Жеткіншектердің интеллектуалдық даму деңгейін анықтау» 1-11 сынып қабілетті оқушыларды анықтау диагностикалары алынды, оқушылар бар зейіндерін салып ойланып, өз қиялдарына ерік беріп бейнелі тесті орындады. Дарынды оқушыларға көмек көрсету, қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Дарынды балалармен «Мен ғажайыппын», «Менің ерекше қабілетім» тренингі жүргізіліп оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, әр түрлі жетістіктерге жете беруге тілектер айтылып, жаттығулар жүргізілді. Қорытынды нәтижелері бойынша консилиум өткізілді, ұстаздар әр сынып

оқушыларының қызығушылықтарының бағыты туралы бастапқы ақпаратты ала алады. Баланың дарындылығының қабілеттері мен сипатын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Баланың бойындағы ерекше қасиетті танып-білу, оны одан әрі дамыту, қолдап-қуаттау мәселесі мемлекеттік деңгейде көтеріліп, өз шешімін тауып жатыр.

Ұсыныс пән мұғалімдеріне: қабілетті оқушыларды тізімге алу, оқушылардың қабілеттілігін шыңдау, қосымша дайындық жұмыстарын жүргізу. баланың өзінің білім дәрежесіне орай, бейімділігіне орай және психикалық ерекшеліктерін ескере отырып сабақ жоспарын құрастыру, қиын әрі шатасқан сұрақтар бойынша кеңес беру тақырыптарын анықтау, белгілі бір уақыт аралығында берілген білімнің нәтижесін тест тапсырмалары арқылы тексеріп отыру, алдындағы оқушыға немқұрайлылық танытпай, оның жан-дүниесіне үңіле білу.

Өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу жұмыстары.

«Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» туралы өткізілген жұмыстары.

Оқушыларының арасында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» мақсатында сауалнама алынды. 5-11 сынып оқушыларының арасында Зунге шкаласы (Т.И.Балашованың бейімдеуі бойынша) сауалнамасы депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау үшін, жаппай зерттеулер кезінде және алдын-ала, дәрігерге дейінгі диагностика үшін скринингтік диагностика үшін алынды. Жалпы 5 және 11 сыныптардың аралығында тексеру жұмыстары өткізілді. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың саны 317, өтпеген оқушылар саны жоқ. Сауалнаманың қорытындысы бойынша анықталған психологиялық сүйемелдеу тобындағы жасөспірімдермен арнайы сұхбаттар өткізілді. Сауалнама нәтижесінде мектепте «тәуекел топ» оқушылары анықталмады, ал «бақылау тобында»-4 оқушы құрайды. Мектептің оқушыларға үнемі психологиялық кеңестер берілді(желіде және вацап чаттарында).

Ата-аналармен жұмыс

«Қысқы кезеңінде оқушылардың демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру», «Кіші мектеп жасындағы оқушының демалыс кезіндегі сабақтан тыс қызметі», «Кіші мектеп жасындағы оқушының демалыс кезіндегі сабақтан тыс қызметі», «Интернет жүйесіндегі әртүрлі жастағы балаларға арналған қауіпсіздік кеңестері», «Баламен қарым-қатынас жасау ережелері», «Балаңызды қалай жақсы көруге болады», «Ата-аналар күнделігіне баламен қарым-қатынас ережелері», «Телеманиямен күрес ережелері» жадынама, «Өзіне-өзі қол жұмсамақ болған жасөспірімді тануға болатын белгілер» бойынша жадынама, Қысқы кезеңінде оқушылардың демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналарға арналған ұсынымдар мектеп инстаграммына әлеуметтік желіде салынып жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/C1oRnwltcRo/?igsh=MWlxNXVyYTU4amc0Zg==>

11-сыныптардың ата-аналармен «Сіздің балаңыз емтиханға дайын ба?» атты сауалнамасы өткізілді, нәтижесінің қорытындысы бойынша ата-аналар

балаларының емтиханға жүйелі түрде дайындық жүргізетіндері банықталды. Оқушыны психологиялық жағынан «Балаларға ҰБТ-ға дайындалуға қалай көмектесуге болады», «Мамандықты дұрыс таңдау» тақырыбындағы кеңесітері ата-аналар жиналысында берілді. Ата-аналарды балаларының болашақта мамандық таңдауды дұрыс жасауына керекті мәлімет және ақпараттармен қамтамасыз ету, «Мен мамандық әлеміндемін», «Мамандық әлемі» тақырыптарындағы кәсіптік бағдар беру бойынша тренингтер жүргізді.

1 сынып оқушыларының ата-аналары балаларының мектепке бейімделу ерекшеліктері туралы мағлұмат беру, адаптация туралы түсінік беру, баланы мектепке сәтті бейімдеу жолдары туралы кеңестер беру, мектеп өміріне алғашқы бейімделу кезеңінде болатын өзгерістермен таныстыру, бейімделуі жылдың соңына дейін созылуы мүмкін екені айтылды және ата-аналармен серігу жаттығулары өтуізілді.

https://www.instagram.com/reel/C2aKRGvs57j/?utm_source=ig_web_copy_link

Жыныстық қол сұғушылыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұқпаушылыққа, қол сұғуға байланысты жағдайлардың алдын алу және болдырмау, ата-аналар жиналыстарын өткізу қорытындылары бойынша ата-аналарға ұсыныстар берілді. Мектебімізде жасөспірімдердің арасындағы кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығының жұмыстары бақыланып алдын алу шаралары жұмыстары жүргізілуде.

Ата-аналарға баланың психологиялық ерекшеліктері, бала тәрбиесіндегі отбасы қарым-қатынасының ролі, ата- ана ескеруге тиісті жағдайлар жөнінде түсінік беру арқылы ата-аналардың психологиялық біліктілігін арттыру мақсатында «Бала неге ашуланшақ болады, неліктен агрессивтілік мінез танытады?», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ата-аналарға арналған бейне ақпарат әлеуметтік желіде мектебіміздің инстаграммына салынып жарияланды.

https://www.instagram.com/reel/CIV4bU7O6eV/?utm_source=ig_web_copy_link

Балалардың қауіпсіздігі бойынша ата-аналарға кеңестерін ұсынылды.

https://www.instagram.com/reel/CkoIhhaJuln/?utm_source=ig_web_copy_link

“Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ” атты кеңесін мектептің педагог-психологтері әлеуметтік желіге мектептің ата-аналарына ұсынды.

https://www.instagram.com/reel/Crab8wvuBNL/?utm_source=ig_web_copy_link

«Бала бойындағы агрессияның себептері» атты кеңесін агрессияның белгілерін алдын -алу мақсатында мектептің педагог-психологтері ата-аналарға бейне кеңес әлеуметтік желіге ұсынды. Баланың агрессиясы - бұл баланың сыртқы немесе ішкі ынталандыруға реакциясы. Балада агрессияның жойқын білінулеріне қалай жол бермеуге болады? Балаға сүйіспеншілік көрсету - шамадан тыс агрессияны болдырмаудың ең абзал жолы болып табылады.

https://www.instagram.com/reel/Crabhp0NH0t/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала

тәрбиелеу саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуға мотивация қалыптастыру мақсатында «Бала тәрбиесінде жиі кездесетін кемшіліктер» атты кеңесі ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес мектеп инстаграммына әлеуметтік желіде салынып жарияланды.



https://www.instagram.com/reel/C2wgryLM82M/?utm_source=ig_web_copy_link

«Жазғы (демалыс) кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі туралы ата-аналарға арналған ережелері» әлеуметтік желіде мектеп инстаграммына салынып жарияланды. Сынып жетекшілері ата-аналардан жазғы демалыс кезінде балаңыз демалысы және болатын орны туралы ақпарат, сонымен қатар жазғы демалыс кезінде баланың өмірі мен денсаулығына жауапкершілі туралы қолхат алды.



<https://www.instagram.com/p/C7hBqtttYNe/?igsh=MXZoZjB1aDAyd3g4Yw>

==

«Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» оқушылардың қауіпсіздігі бойынша ата-аналардың түсініктерін кеңейту, қауіп қатердің алдын-алу, салауатты өмір салтына оң көзқарас қалыптастыру. «Қауіпсіз каникул – 2024» алдын алу бойынша қауіпсіздік ережелері, ата-аналар негізгі ережелерді білу, жазғы кезеңде және өз баласы үшін жауапкершілік сезімін сезіну мақсатында ата-аналарға арналған жадынама әлеуметтік желіде мектептің инстаграммына салынып жарияланды.



<https://www.instagram.com/reel/C70n6q1ty5t/?igsh=MThoMzZ1MmJyYjkyaw>

==

Педагогикалық ұжыммен жұмыс

«Педагогтың кәсіби бейімделуі» мектепке жаңадан келген жас мамандар мен жұмыс жүргізілді. Жас ұстаздардың көзқарасын дамыту, өз мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге, білімдеріне және терендетуге, өз бетінше жұмыс істеулеріне, өзін-өзі тануына, жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу мақсатында жас мамандармен «Аяқталмаған сөйлемдер», «Арқаға тіркелген қағаз», «Аралас салат», «Білегіңе емес біліміңе сен», «Интеллект

шапшандығы», «Сенесіз бе, сенбейсіз бе?» «Жас педагогтарға кеңе», «Мен және өзгелер» жаттығуы «Баспа машинкасы» жаттығулары өткізілді. «Педагогтың кәсіби бейімделуі» сауалнамасы алындып қорытындысы шығарылды. Өз сөзімді жас педагогтарға арналған тілектермен аяқталды: Өзіңізге сенімді болыңыз. Қиындықтардан, сәтсіздіктерден, қателіктерден және құлдыраудан қорықпау керек, өйткені қиындықтардың арқасында біз күшейе түсеміз, қателіктердің арқасында шындықты таба аламыз, ал сәтсіздіктер мен құлдыраудың арқасында төзімді бола аламыз. Шәкірттеріңізге сеніңіз, өйткені әрқайсысында талант ұшқыны бар. Таңдалған жолдан көңілі қалмаңыз. Және есте сақтаңыз: "келе жатқан адам жолды жеңеді". Жалпы жас мандарға трениен соңында жадынамалар таратылып кеңестар берілді. Бейімделу кезеңінде жас маманның сәтті өтті. Жас маманға мектеп әкімшілігі мен білімді жүзеге асыру сұрақтарында, кәсіби шеберлігін арттыруға көмек көрсетілді. Жадынама таратылды. Жас мамандар тренингке белсене қатысты. Жұмысты жаңа бастаған жас мамандарды қате қадамнан сақтандыратын бірнеше кеңестер берілді. Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру. Жас маманның кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйін көтеру. Жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу; жас мамандар өздерін педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау.

Жас маманның кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйін көтеру. Жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу; өздерің педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау. Жас және жаңадан келген оқытушылардың кәсіби тұлғасын қалыптастырудың жеке әдістемесін жасау, педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге баулу, өздігінен үздіксіз кәсіби білім алуға деген көзқарас қалыптастыру, жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында мектептің педагог-психологтері тренинг өткізді. Тренинг өте жоғарғы деңгейде өтті, жас мамандар өздерінің әсерлерімен бөлісті.



https://www.instagram.com/reel/COJZ1CusfxS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA

Сынып жетекшілердің қиын балалармен жұмыс жасау жүйесінің психологиялық негіздері. «Қиын» бала тәрбиесінде сынып жетекші мына

жайттарды ерекше назарда ұстау, Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, Қиын оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың психологиялық ерекшеліктері, Сынып жетекшілердің қиын балалармен жұмыс жасау жүйесінің психологиялық-педагогикалық негіздері тақырыбында сынып жетекшілермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының семинары өткізіледі. Семинарда әр сыныпта болатын қиын оқушыға қатысты мәліметтер және олармен күресу жолдары айтылады. Қиындықтың алдын алу шаралары және булингтің алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.



<https://www.instagram.com/reel/C5OE0t5Mt5A/?igsh=M2M4b250Nzl4cW85>

Сынып жетекшілер «Мектептегі тәрбие беру процесіндегі сынып жетекшінің ролі» сынып жетекшілердің эмоционалды көңіл - күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту, оқушылар арасындағы белсенділерді анықтауға мұғалімдерге көмек және оқу тәрбие жұмысындағы топтық жұмыстың ерекшелігімен таныстыру. Өз кәсіби іс-әрекетін, қызықты әрі шабыттандыратын сыныптан тыс өмірді, әр тәрбиеленушінің тұлғалық бейнесін жоспарлады. Өз қызметінің нәтижесін талдауды және болжауды. Әр тәрбиеленушінің тұлғалық қалыптасуында көмек көрсетуді. Ата-аналармен, сыныбындағы пән мұғалімдерімен, қауымдастықпен әлеуметтік байланыс орнатуды. Әлеуметтік мінез-құлықты үйрену, басқалар үшін – мәдени саланың талаптарына сай тұлғаның моделін қалыптастыруға баулу, мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы құрылысшылары етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, сергек қимыл, ширақ ой сезімтал жүрекпен, өз кәсіптеріне деген қызығушылықтарын ояту мақсатында сынып жетекшілермен психологиялық тренинг өткізілді. Іс шараның өткені әлеуметтік желіде мектептің инстаграммына салынып жарияланды.



https://www.instagram.com/reel/C6QglVIM5fj/?utm_source=ig_web_copy_link
Әдістемелік жұмыс және өздігінен білім алу

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жөніндегі кеңеске ай сайынғы отырыстарына қатыстым. «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бойынша оқыту семинарларына, Халықаралық келісімшарт, аутизмнің мәселесін шешу жолтады тақұырыбында семинарға қатыстық. «Психологиялық кеңес берудің әдістері» тақырыбында облыстық семинар. Емтихан тапсыру кезеңінде эмоционалды тұрақтылықты сақтау мәселелері бойынша оқыту семинар-тренингі.

Астана қаласындағы «LS DAMU» қоғамдық қоры 2024 жылғы 18-19 наурызда «Егжей-тегжейлі диагностика» атты қызықты семинар-практикумға қатыстым.

03 мамыр Ақмола облысы білім басқармасының өкілдері және аудандық білім бөлімінің әдіскерлері, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар «Білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының тиімді тәсілдері (жаңа формат)» облыстық семинарында «Мағлтану» тақырыбында практикалық сабақ өткізіп, өз тәжірибесімен әріптестермен бөлістім.



<https://www.instagram.com/reel/C6hB83WMngY/?igsh=dzJ0Znh2NW04YzZ0>

Психологиялық консультациялық бағыт

Кеңес беру барысында келесі міндеттер шешілді:

- 1 Құқық бұзушылықтардың ықтимал себептерін анықтау үшін психологиялық тарихты жинау;
2. Оқушыларға, сондай-ақ мұғалімдерге және ата-аналарға оқыту және құқық бұзушылықтарды жою мәселелері бойынша ұсынымдар;

Оқушылардың өзіндік кәсіптік таңдауына психологиялық түрде қалыптасуға баулу, мамандық таңдауға жәрдемдесу. Оқушыларға кәсіби бағдар беру. Жасөспірімдерге өзіндік кәсіптік таңдауға көмек көрсетті, жеке тұлғаның ерекшеліктерін ұзақ уақыт бақылау арқылы оқушының қай бағытқа бейім екендігі, мақсатты бағыттылыққа жетекшілік ету. Көбіне оқушының бойындағы қандай кәсіпке бейімділігі бар екендігін анықтау ғана емес оқушы бойындағы жекелік сапанының дамуы, өзін тәрбиелеуі мен оқушының практикаға психологиялық түрде дайындығын анықтау.

194 оқушы үшін (бірінші және қайталанатын) консультациялар өткізілді, сондай-ақ 37 мектеп мұғалімдері үшін және 52 ата-аналар үшін консультациялар өткізілді.

Консультациялық процесс әдетте екі кезеңде жүргізілді: кеңес беру - диагностикалық әдістерді пайдалана отырып, объективті ақпарат алу, мәселені одан әрі жұмыс істеу жоспарын анықтау; Сонымен қатар, ата-аналарға баламен қарым-қатынас ерекшеліктері мен қиындықтарды жеңу

жолдары туралы кеңестер берілді. Кейбір жағдайларда қайталанған консультациялар жеке қабылдаумен шектеліп қоймай, жүйелі сипатта болды, бұл жағдайда әңгімелесу кезінде баламен жұмыс істеу динамикасы талқыланды және ұсынымдар анықталды.

Жалпы алғанда, барлық өтініштерді бөлуге болады:

1. Эмоционалдық және мінез-құлық қиындықтары (агрессиялық, алаңдаушылық, демонстрациялық және т.б.)
2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардағы мәселелер
3. Кәсіби өзін-өзі анықтауда қиындықтар
4. Оқу қиындықтары
5. Топтық диагностиканың нәтижелері бойынша кеңес беру.

Тұтастай алғанда, жүргізілген консультативтік жұмыс тиімдірек болып, консультациялық қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік берді деп санауға болады.

Қорытынды. Осы жыл ішінде білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бір жылдағы жұмысты талдау көрсеткендей, балалармен түзету-дамыту жұмыстары, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс ең нәтижелі болды. Жалпы, оқу жылы бойына іс-әрекеттің барлық бағыттары қамтылды. Мен бір жыл ішінде атқарған жұмысымды қанағаттанарлық деп санаймын, өйткені оқу жылынан бастап балалармен жеке және топтық іс-әрекеттерді дамытуда оң динамика байқалды. Аналитикалық есептің мәліметтеріне сүйене отырып, келесі оқу жылында мен мектеп жасына дейінгі балалармен топтық түзету-дамыту жұмыстарын жалғастыруды, мұғалімдер мен ата-аналарға жеке ұсыныстар әзірлеуді жалғастыруды жоспарлап отырмын.

Орындаған мектеп педагог- психологы Мухамеджанова Д.Ш.

ХІ. Логопед қызметінің талдауы
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП
С.Сейфуллин атындағы №5
көпсалалы мектеп-лицей логопедінің
2023-2024 оқу жылының аналитикалық есебі

Логопед: Тайжан Гүлназ Тоқтарқызы

Жұмыс орны: С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі

Образование: Жоғары: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аяқтаған жылы: 2023 жылы

Диплом бойынша мамандығы: Арнайы педагогика: Логопедия

Өтілі: 9 ай

Біліктілік санаты: педагог

Санат берілген жыл – жоқ

Біліктілікті арттыру курстары, күні:

- “Буллинг - себептері, формалары, алдын алу” біліктілікті арттыру курсы.
28.09.2023

Іс-тәжірибе тақырыбы: "Мұғалімдер мен ата-аналарға балалардың дыбыстық айтылуының бұзылуында ойын терапиясын қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар"

Өзін-өзі жетілдіру тақырыбы: "Саусақ ойындары арқылы балалардың сөйлеу белсенділігін дамыту"

Жұмыстың мақсаты: Саусақ ойындары процесінде балалардың сөйлеуін дамыту үшін қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер:

- Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтау;
- Психофизикалық дамуының ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға жеке бағдарланған педагогикалық көмекті жүзеге асыру;
- Сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың жалпы білім беретін бағдарламасын меңгеру және оларды оқу орнына біріктіру мүмкіндігі.

Жылдық жоспардың мақсаты: Ауызша және жазбаша сөйлеуінде бұзушылығы бар балаларды анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі мақсаттарды шешу керек: оқушылардың дыбысты айтуында, фонематикалық қабылдауы мен талдауында, сөйлеуді грамматикалық құруында, байланыстырып сөйлеуінде бұзушылығы бар оқушыларды анықтау, бастауыш сынып оқушыларында ауызша және жазбаша бұзушылығын алдын алу мен жою бойынша коррекциялық жұмыстың жолдарын анықтау.

Міндеттері:

- Диагностикалық тексеріс.
- Логикалық ойлауды дамыта отырып, ауызша сөйлеудің дәл және түсінікті түрде айтылуына себепкер болу.
- Сөйлеу дағдысын қалыптастыра отырып, оның лексико-грамматикалық тұрғыда дұрыс қалыптасуын қадағалау.
- Сөйлеу тілінің даму кезеңін бақылауға ала отырып, назардан тыс қалдырмау.
- Мұғалімдермен, ата-аналармен өзара қарым-қатынас жасау.

Ұйымдастырушылық жұмыс:

Жұмыс орнын жаңа оқу жылына дайындау, жылдық жоспар құру, ата-аналармен жұмыс жоспарын құру, логопедиялық көмекті қажет ететін балаларды тіркеу журналына енгізу, оқушылардың жеке дамыту бағдарламасын құру, педкеңес, семинарларға, мектептің өткізілетін іс-шараларына қатысу.

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Логопедиялық тексеру жұмыстары	1.1. Оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін тексеру. Ауызша және жазбаша сөйлеуінде әртүрлі бұзылыстары бар балаларды анықтау.	Логопед	қыркүйек
	1.2. Медициналық қорытындымен танысу, анамнез жинау.	Логопед	қыркүйек
	1.3. Сөйлеу карталарын толтыру.	Логопед	қыркүйек
	1.4. Сөйлеу тілінің кемшіліктері бар балаларды топтарға бөлу.	Логопед	қыркүйек
II. Логопедиялық түзету жұмыстары	2.1. Сөйлеу тілінің кемшіліктері бар балалармен жүргізілетін жұмыс мазмұның жоспарлау	Логопед	қыркүйек
	2.2. Балалармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу.	Логопед	қыркүйек

III. Оқу-әдістемелік жұмыстары	3.1. Логопедиялық білімін жетілдіру.	Логопед	Жыл бойы
	3.2. Кабинетті оқу жабдықтармен толықтыру	Логопед	Жыл бойы
	3.3. Кабинетке қажетті іс-қағаздар мен құжаттарын, сабақ жоспарларын жүргізу.	Логопед	Жыл бойы
	3.4. Логопедиялық жұмысқа анализ жасау, жылдық қорытындылау.	Логопед	Әр тоқсан сайын Мамыр
IV. Сынып жетекшілермен жұмыс	4.1. Балалардың тілдік дамуының тексеру талдауын өткізу. Сынып жетекшілеріне тіркелген балалардың тілдік сараптамасымен таныстыру	Логопед	Қазан
	4.2. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі бұзылған оқушылардың сабақтарына қатысу.	Логопед	Қажетті жағдайда
V. Ата-аналар, мұғалімдермен профилактикалық ағарту жұмыстары	5.1. Бастауыш сыныптарының ата-аналар жиналысында логопедтің жұмысының мақсаты мен міндетін таныстыру	Логопед	Жоспарға сәйкес
	5.2. Ата-аналарға профилактикалық ағарту жұмыстарын жүргізу.	Логопед	Үнемі
	5.3. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болу, көмек көрсету, кеңес беру	Логопед	Үнемі
	5.4. Логопедтік түзету-дамыту сабағына келетін балалармен жұмыс жасайтын психолог, педагогтармен жүйелі түрде байланысты жүзеге асыру, сөйлеу бұзылыстарына байланысты үлгермеушілік мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру.	Логопед	Үнемі
	5.5. Дефектология, логопедия сұрақтары бойынша іздену.	Логопед	Жыл бойы

2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер:

- Ата-аналармен қарым-қатынастың оңтайлы жақтарын іздеуді жалғастыру;
- Баланың сөйлеуінің тілі бұзылыстарын алдын-алу;
- Өз кәсіби деңгейді көтеру;
- Кабинетті ойындармен және көрнекі құралдармен толықтыру.

XI. Кітапхана қызметі

Ақмола облысы Степногорск қаласының № 5 көпсалалы мектеп-лицейі кітапханасының 2023-2024 оқу жылына

Ақмола облысы Степногорск қаласының Сәкен Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп – лицейінің кітапханасының ең бірінші мақсаты – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Барлық іс-әрекетіміз осы бағытта болу керек. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Өйткені, тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Біздің міндетіміз оқырмандарымыздың білімдерін толықтыру үшін кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, мектеп қабырғасынан бастап кітап оқып, оны құрметтеп, кітап біздің өміріміздегі ең қажетті, маңызды құрал екенін үйрету. Кітап оқыған баланың жан дүниесі терең, ойы ұшқыр, шығармашылық деңгейі мен есте сақтау қабілеті жоғары болатыны сөзсіз. Демек, білім, ізденіс, талант мұның бәрі кітап оқығанның пайдасы дегенді білдірмей ме?!

Оқушының кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту және кітап оқуға тарту, қызықтыру әрбір кітапханашының міндеті, борышы деп білемін. Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз. Сондықтан да кітапхана жұмысын жандандырып өрістету – біздің ең бірінші мақсатымыз. Мектеп кітапханасы бірнеше акцияларға қатысып, инстаграм, фейсбук парақшасында жұмыстарымызды көрсетіп отырдық.

«Кітап оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы», «Отбасымен бірге оқиық!», «Кітапханаға кітап сыйла!», «Бір ел – бір кітап», «Ең оқырман мектеп», «1770 кітап оқу», «Біртұтас тәрбие» бағыттарымен жұмыс жасадық. Кітапханада «Оқырмандар бұрышы», «Оқуға құштар мектеп», «Коворкинг», үзіліс кезінде кітап оқитын дәлізде «Сәкен» атымен аталған кітап сөресі ұйымдастырылған. Онда оқырмандардың сүйіп оқитын кітаптары, жаңадан түскен әдеби кітаптар, журналдар, кітапханаға сыйлаған кітаптар, QR код арқылы оқитын кітаптар т.б. басылымдар кезек –кезек ауыстырылып тұрады. Мобильдік кітапхана бұрышы арқылы оқушылар кітап оқиды. Мектебімізде екі «Буккроссинг» бұрышы ұйымдастырылған, оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын әкеліп басқа кітапқа ауыстырып отырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасымен үнемі жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеміз, балалармен оқыған кітаптары жайлы пікір алысып отырамыз. Ата-аналар жиналысында балаларымен бірігіп кітап оқуға көңіл бөлу қажеттігі жайлы да насихатап айтамыз.

Кітап оқу баланың өз ойын ашық жеткізуіне, сөйлеу мәнерінің қалыптасуына, жан тазалығына тәрбиелейтін бірден-бір құрал, рухани азық деп санаймыз.

Жыл сайын оқушылар Абай, Шәкәрім, Мұқағали оқуларына қатысып келеді және жүлделі 1, 2, 3 орындарға ие болды. Олар Бота Ақжарқын 9 сынып оқушысы, Әуелбеков Санжар, Абдукасымова Назерке 10 сынып оқушылары, Жұбанова Дина, Саметова Зарина 11 сынып оқушылары.

2 сынып оқушысы Еркінбек Кәусар Республикалық «Тұлға болам» байқауына қатысып 1500 баланың ішінде, ондық үздік оқырмандар арасына кіріп, велосипед ұтып алды. Кәусарға арнайы кітапханада «Оқырман Бенефисі» өтті. Оқу жылы соңында мектеп кітапханасының үздік оқушылары және іс-шараларға белсенді қатысқан оқушыларға алғыс хат және «Сәкен ізбасарлары» статуеткасымен марапатталады. 2022-2023 оқу жылында 4 сынып оқушысы Мақсат қызы Інжу, 8 сынып оқушысы Ахметова Жанель марапатталды.

Кітапхананың жұмысын жүзеге асыру үшін жоспарлар құрылып, кітапхана жұмысын жандандырып өрістетуге үшін, оқырмандардың қызығушылығын ояту және кітап оқуға тарту үшін кітап көрмелер, кітап сөрелер, презентациялар, виртуалды көрмелер және оқырмандар назарына «Жаңа кітап – жаңа білім», «Кітапханам – өнер, білім ордасы», «Кітапхананың бір жылдық есебі» атты видеороликтер ұсынылды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күніне «Біз тәуелсіз елдің Ұланымыз», тіл мерекесіне орай «Ана тілім – анам тілі», Ұлы Жеңістің 79 жылдығына «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс», Мектебіміздің жыр сұңқары, дала дауылпазы Сәкен Сейфуллин атымен аталған, жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына «Сәкен Сейфуллин әлемі» атты библиографиялық құрал құрастырылып, туындыларына арнайы «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» буктрейлер жасалды. Өмірі қысқа, тағдыры ауыр болса да ұрпаққа мәнді де мәңгі туындыларды мирас еткен. Көркем туындыларына, оның тар жол, тайғақ кешуге толы өміріне, одан қалса ақынның музыкалық шығармалығына, әншілік өнеріне арналған іс-шаралар жалғасын табуда. Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы қарсаңында мектебімізде мұражай ашылмақ.

Ұлы атамыз Абай Құнанбаевтың 178 жыл толуына орай мектеп кітапханасында «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар ұлы Абайдың өлеңдерін оқып, Қазақстанның басқа аймақтары да қалай тойлап жатқандары туралы мәліметтерді газеттерден оқып ортаға салды. Абайдың ғибраты мол мұрасын ұлықтады.

Күзгі демалыс кезінде Абайдың қара сөзін оқу Республикалық челленджге қатысып 43, 44, 45-сөздеріне «Абайдың қара сөздері – өмір

айнасы» атты буктрейлер, сахналық көрініс, «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе» мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Оқушылар жақсы көңіл күймен оқуға оралсын деген мақсатпен 1-5 сынып оқушыларына «Мақта қыз» атты ертегі сахналық көрінісі көрсетілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» кітабын 8 сынып оқушылары мен ата –аналар оқып шығып, «Адамға керегі – арман» атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты – оқушы мен ата-ананың кітап оқуға және оқушыларды еңбекқорлыққа және көздеген мақсатқа жетуге тәрбиелеу.

23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай мектебіміздің «Сәкен ізбасарлары» әнұранының авторы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Киршимова Алима Құрмашқызының «Жүректен шыққан жырым» атты кітабына арналған дөңгелек үстел өткізілді. Кездесуге жоғарғы сынып оқушылары қатысып, ақынның шығармашылығымен танысып, оның ұстаздық жолына қатысты көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Ардагер ұстаздың жазған өлеңдерін мәнерлеп, шабыттана оқыды. Дөңгелек үстел көңілді жылы сезімге толы өтті.

«Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша аса талантты қазақ жазушысы, көркем сөз өнерінің асқан шебері, қазақ әдебиетінің классигі, бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай, барлық кітап сүйер қауым кітаптарын оқып тамашалаймыз. Бердібек Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» кітабы бойынша «Сиқырлы сандар» ойыны өткізіліп, оқушылар қойылған сұрақтарға жауап берді, іс-шара соңында кітапханашы Б.Соқпақбаевқа арнайы жасалған «Балалар әдебиетінің майталманы» атты кітап көрмесіндегі жазушының шығармашылық өмірімен және көрмедегі QR код арқылы жасалған кітаптарымен таныстырды.

Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап – білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналдырып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Кітапты қызығып, сүйіп оқитын отбасылар аз емес. «Отбасымен бірге оқиық» челленджге қатысып, оқырмандардың көңілінен шыққан отбасылары: Дәулетбек Әдия, Манибекова Жансая, Жұмабек Нұрали, Алибек Ақерке т.б.

Болашағын ойлайтын білімді де білікті азамат тәрбиелеу біздің кітапханашылардың да міндеті деп ойлаймын. Ол үшін біздің кітапханада қазіргі заман талабына сай барлық инновациялық технологиялары бар. Интерактивті тақта, теледидар, ноутбуктер, компьютер, электрондық кітаптар. Оқушыларға көмек ретінде цифрлық технологияларды қалай қолдануға

болатынын көрсетіп, олар үшін арнайы «Медиа және ақпараттық сауаттылық – заман талабы» атты танымдық-ақпараттық сағат өткіздік. Мақсатымыз – оқушылардың бойына коммуникация құралдарын қауіпсіз пайдалануға қажетті құзіреттерді қалыптастыру, өз көзқарасын білдіруге, жеке танымын қалыптастыруға, өмір бойы ізденуге, оқуға, жаңа білім алуға машықтануға көмектесу.

Сынып жетекшілерімен, қалалық кітапханамен тығыз қарым-қатынас жасап, жұмыс істейміз. Біріге отырып әдеби кештер, библио-кафе, библио-марафондар, тәрбие және патриоттық сабақтар, шеберлік сағаттар, электрондық ойындар т.б. іс- шаралар өткіземіз. Кітап оқитын қоғам қашан да бәсекеге қабілетті болары хақ. Қоғам мүшелерінің рухани құндылығы мен адами құндылығын мол етіп тәрбиелеудің жолдарының бірі және бірегейі – кітап оқуға әуестендіру. Кітаптың өз оқырманын жан-жақты тәрбиелумен бірге танымдық, білімдік қасиетін дамытары анық. Еліміздің болашағы – білімді де, білікті ізденімпаз жастар.

Біздің мақсатымыз – еш уақытта маңызы жоғалмайтын кітапты насихаттау, кейінгі ұрпаққа аманатын жеткізу. Кітапханашылардың алдына қойылған міндеттің қазіргі таңда жауапкершілігі орасан зор. Өмірде бар нәрсе өзгереді, тек кітапхана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсін. Кітаптың жинақталған жері – қазыналы кітапхананың тұғыры қашанда биік болсын!

Степногорск қаласының № 5 көпсалалы мектеп

Кітапханасының меңгерушісі

О.Т. Мусирова

ХІІІ.Талдау нәтижелерінен шығатын қорытынды

Баяндамада С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінің білім беру жүйесінің жұмысындағы сандық және сапалық өзгерістерді талқылай, жинақтай келе салыстырмалы түрде талдау жасалынды. Соңғы жылдардағы мемлекеттің қолдауымен білім беру ісіне енгізілген жаңалықтар мектеп өміріндегі өзекті мәселелерді (мұғалімдердің жалақысының өсуі, мектептің материалдық-техникалық жағдайының жаңаруы т.б.) шешуге, білім беру ісін дамытуға, тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда біздің басты міндетіміз мектеп оқушыларына сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, қоғамға өзіндік ой-пікірі бар, белсенді, білікті, бәсекеге қабілетті, тұлғаны тәрбиелеп шығару.